



Студенттер мен жас ғалымдардың  
**«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»**  
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ**

XIII Международная научная конференция  
студентов и молодых ученых  
**«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»**

The XIII International Scientific Conference  
for Students and Young Scientists  
**«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»**



12<sup>th</sup> April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың  
«Ғылым және білім - 2018»  
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
XIII Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS  
of the XIII International Scientific Conference  
for students and young scholars  
«Science and education - 2018»**

**2018 жыл 12 сәуір**

**Астана**

**УДК 378**

**ББК 74.58**

**Ғ 96**

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

**ISBN 978-9965-31-997-6**

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2018

### Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. ҚР 2005-2010 жылдарға арналған білімді дамытудың мемлекеттік бағдарламасы. Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2004 ж., N 39, 516-құжат. [http://adilet.zan.kz/kaz/docs/U040001459\\_/history](http://adilet.zan.kz/kaz/docs/U040001459_/history)
2. Дамитов Б. Қ. Жоғары білім бойынша заңды және нормативтік құжаттар жинағы. Сборник законодательных и нормативных док. по высш. образ... / бас ред... - Алматы : [б. и.], 1996. - 510 бет.
3. Современное состояние высшего образования в Республике Казахстан // Вестник высшей школы - А., 2005. - С. 92. Режим доступа - [http://www.rusnauka.com/7\\_NND\\_2009/Pedagogica/42841.doc.htm](http://www.rusnauka.com/7_NND_2009/Pedagogica/42841.doc.htm)
4. Білім туралы Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңы. Режим доступа - <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1100000487>
5. "Білімді ел - образованная страна" №19 (56) от 11 октября 2016г. [//https://issuu.com/bilimdinews/docs/\\_\\_\\_20/23](https://issuu.com/bilimdinews/docs/___20/23).

### ТМД ЕЛДЕРІНДЕГІ ЭНДАУМЕНТАЛДЫҚ ҚОРЛАРЫ ҚҰРУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

**Омарова Бибижан Асылловна, Сайтова Алия Айдарқызы**

[muxametnur@mail.ru](mailto:muxametnur@mail.ru)

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ заң факультетінің 1-курс студенттері

Ғылыми жетекшісі: з.ғ.м., аға оқытушы Мырзатаев Н.Д.

[muxametnur@mail.ru](mailto:muxametnur@mail.ru)

#### *Түйіндеме*

*Бұл мақалада әлемдік білім беру нарығында табысты бәсекелес жоғары оқу орындарының қаржылық стратегиялары, олардың кіріс құрылымының қазақстандық ЖОО-мен салыстырмалы талдауы қарастырылады. Қазақстан жоғары оқу орындарына әлеуетін арттыру бойынша және қаржылық дербестік жағдайында жұмыс істеуге дайын болу үшін ұсыныстар қарастырылады.*

*Кілттік сөздер: ТМД, эндаумент қорлары, фандрайзинг, ЖОО.*

ТМД - Еуразия кеңістігіндегі өзара көмек және ынтымақтастық одағы. ХХ ғ. 90-жылдарындағы басты оқиғалардың бірі – социалистік жүйенің және оның негізінде құрылған халықаралық экономикалық қатынастардың ыдырауы. Социалистік жүйенің темірқазығы болып саналатын Кеңестер Одағының бірнеше тәуелсіз мемлекеттерге бөлінуі жаңа мемлекеттік құрылымдардың қалыптасуына, өндірістің қысқаруына, елдердің арасындағы шаруашылық - экономикалық және әлеуметтік-мәдени байланыстардың әлсіреуінен, оның үзілуіне апарып соқты.

Кезінде Кеңестер Одағы құрамында болған тәуелсіз мемлекеттер өздерінің экономикалық мақсаттары мен басым бағыттарын жүзеге асыра отырып, бұрынғы одақтас республикалар арасында тарихи қалыптасқан еңбек бөлінісі мен өзара ынтымақтастықтың қажеттілігіне көз жеткізді. Сөйтіп, ынтымақтастықты дамыту және одан әрі жетілдіру мақсатында Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы бұдан әрі - ТМД құрылды. Жаңа құрылған ТМД елдері экономикалық-әлеуметтік жағдайды орнықтырумен қатар, шекаралық мәселелерді де өз бетінше шешуге мәжбүр болды.

ТМД елдерінің құрылуы жаңа мемлекеттік құрылымдардың қалыптасуымен, өндіріс өнімдерінің кенет төмендеуімен, елдер арасындағы экономикалық, ғылыми-техникалық, мәдени-әлеуметтік байланыстардың қысқаруымен қатар жүрді. ТМД елдеріндегі өндіріс өнімнің жалпы төмендеуін 100% деп есептесек, оның 60%-ы осы шаруашылық байланыстардың үзілуінен төмендеді.

Тәуелсіздік алып, қайта құрылған мемлекеттердің үкіметтері өз мемлекеттерінің мүдделері мен экономикалық басылымдықтарын қалыптастыра отырып, бұрынғы одақтас республикалар арасындағы тарихи қалыптасқан еңбек бөлінісін сақтау қажеттігін түсінді. ТМД елдері арасындағы өзара экономикалық ынтымақтастық 1992 жылдың күзінен басталады. 1993 жылдың қыркүйегінде Мәскеуде мемлекет пен үкімет басшыларының қол қоюымен ТМД елдерінің экономикалық одағын құру туралы келісімшарт жасалды. Экономикалық одаққа алғашында 8 мемлекет, яғни Армения, Беларусь, Қазақстан, Ресей, Тәжікстан, Өзбекістан, Қырғызтан, Молдова кірді. Ал Украина мен Әзербайжан қауымдастықтың мүшелігіне кейінен енді. 2009 жылы 18 тамызда Грузия мемлекеті өз өтініші бойынша ТМД құрамынан ресми түрде шығарылады.

Елдер арасындағы қарым-қатынастар барлық елдер үшін тең мүмкіндіктер мен кепілдіктерді қамтамасыз етуге негізделіп, нарық экономикасы принциптеріне сәйкес құрылды. Бұл ТМД аумағында өзара тиімді, ауқымды экономикалық жобаларды жүзеге асыруға; экологиялық мәселелер мен қиындықтарды шешуге; жұмыс күшімен алмасуға; қаржы- несиелік, сыртқы сауда, кедендік және валюталық саясатты келісуге және сол сияқты мәселелерді бірлесіп шешуге мүмкіндік береді.

1994 ж. 15 сәуірінде қабылданған еркін сауда аймағын (ЕСА) құру туралы келісімге ТМД құрамына енетін барлық 12 мемлекеттің басшылары қол қойды. Еркін сауда аймағы кедендік одақ құрудың өтпелі кезеңі болып табылады. 1995ж. Қазақстан, Беларусь, Қырғызтан және Ресей кедендік одақ құрды, оған 1998ж. Тәжікстан қабылданды. Соның нәтижесінде бұл елдер арасында өзара қолайлы еркін сауда тәртібі қалыптасты. Мысалы 1995ж. Кедендік одақ елдерімен тауар айналымы Беларусьте – 68%, Қазақстанда – 40%, Ресейде – 17% болып, ал ТМД елдеріндегі тауар айналымының жалпы өсімі 7% - ға жетті.

2000ж. 6 қазанда Астана қаласында өткен кедендік одақ мүшелері – Қазақстан, Беларусь, Ресей, Қырғызтан және Тәжікстан үкіметі басшыларының кеңесінде жаңа халықаралық ұйым – Еуразиялық экономикалық қоғамдастықты (ЕЭҚ) құру туралы шешім қабылдады. Жаңа ұйым 2000ж. 23 мамырдағы Халықаралық мемлекеттік кеңестің шешіміне сәйкес құрылды. Бұл ұйымның басты мақсаты – осы қоғамдастыққа енетін бестіктің шеңберінде біртұтас экономикалық кеңестік қалыптастыру. Бұл ұйым дербес халықаралық құқығы бар ұйым болып саналады. Қоғамдастықтың жоғарғы әкімшілік тұлғасы 3 жылға сайланатын бас хатшы болып табылады. Жаңа қауымдастықтың құрылуы – ТМД-ның құрамындағы елдердің экономикалық саясатты, оның ішінде микроэкономикалық, валюталық, қаржылық және әлеуметтік салаларды үйлестіруді көздейтін ынтымақтастық аясын кеңейтеді.

ТМД елдерінің одағы құрылғалы бері ынтымақтастықты үйлестірудің қандай жолы тиімді деген талас тоқтамай келеді. 1992-1994 жылдары ұзақ мерзімге бағытталған бұрынғыдай біртұтас бір мемлекетті қайта құру туралы да шешімдер қабылданды [1].

ТМД елдері басшыларының 1995-1997 жылдары қабылданған шешімдері ынтымақтастық елдерінің құқықтық мүмкіндіктеріне көбірек сәйкес келді. ТМД елдері шеңберіндегі халықаралық экономикалық өзара қатынастар тәжірибесі интеграцияның жеке аймақтардан әртүрлі қарқынмен басталып, біртіндеп басқа аймақтарға көшуімен тиімді екендігін көрсетті. Мәселен, ең алдымен, екілік (Ресей мен Беларусь), одан кейін үштік (Орталық Азия мемлекеттер одағы), 1998 ж. Ол Тәжікстанның кіруіне байланысты төрттік одақ болып қайта құрылды. Соның нәтижесінде ТМД-ның барлық елдері (Түркіменстанды қоспағанда) бірнеше аймақтық экономикалық бірлестіктер тобына бөлінді. 2009 ж. 27 қарашасында Минск қаласында Ресей, Беларусь және Қазақстан

өз аумақтарында біртұтас кедендік кеңестік құру туралы келісімге қол қойды. Бұл келісім 2010 жылдың 1 шілдесінен бастап күшіне енді. Бірақ бұл топтар анклав болып саналмайды. Орталық Азия одағына кіретін елдер (Өзбекістаннан басқасы) кедендік одаққа мүше, сол сияқты екілік одақ төрттік одақтың белсенді мүшелері болып табылады. ТМД елдері шеңберіндегі интеграциялық үрдістің дамуы әлі де бастапқы сатыда. Әлемдегі 30-50 жылдан астам қызмет еткен аймақтың интеграциялық топтардың тәжірибесіне көз салсақ, ТМД елдері толыққанды экономикалық одақ құру үшін қандай қиындықтарға ұшырасатындығын болжау қиын емес. Оған күнделікті өмір шындығында көзіміз жетіп отыр. Бірақ қалай болғанда да біртұтас экономикалық кеңестікті қалпына келтіру ТМД елдеріне әжептәуір экономикалық нәтижелерге жетуге мүмкіндік береді. Мәселен, қосымша инвестиция салмай-ақ негізгі өнім өндіруді 1,5 есе арттыруға болады. Нақты айтсақ электр энергиясын өндіруге кететін жиынтық шығынды 20%-ға, металлургия өнеркәсібінде 15%-ға, машина жасауда 25%-ға төмендетуге мүмкіндік туады. ТМД елдерінің сыртқы экономикалық қызметтерін үйлестіруді жақсарту арқылы жиынтық сыртқы сауда баланысын 15-20 млрд. АҚШ долларына арттыруға болады.

Ең бастысы, ТМД елдеріндегі нағыз экономикалық интеграция олардың экономикалық жағдайының көтерілуіне қажетті тұрақты жағдай жасайды.

Әлеуметтік-мәдени байланыстары. ТМД құрамына енетін елдер арасындағы әлеуметтік-мәдени байланыстардың ұзақ тарихы бар. Ежелден тарихи көрші болып келген елдер арасындағы байланыстар 70 жылдан астам тарихы бар кеңестік дәуірде одан әрі тереңдеген болатын. Кеңестер Одағы ыдыраған соң, бұл байланыстардың барлығы да туындап отырған әлеуметтік-экономикалық жағдайлар тұрғысынан қайта қаралды. ТМД елдері құрылып, елдер дербес мемлекет дәрежесінде қатар дамып жатқалы он жылдан астам уақыт өтті. Осы аралықта үзіліп қалған әлеуметтік-мәдени байланыстар қайта қалпына келтірілуде. Осы мақсатта Еуразиялық экономикалық қоғамдастық шеңберінде ғылым мен технологияның басты бағыттарын зерттеу және игеру, ұлттық білім беру жүйелерін қалыптастыру, ғылым мен мәдениетті дамыту, әлеуметтік дамудың ең төменгі көрсеткіштерін деңгейлестіру мақсаттарын көздейтін көптеген шаралар жүзеге асырылуда. Қазақстан Президенті Н.Назарбайевтың ұсынысы бойынша Еуразиялық экономикалық қоғамдастыққа (ЕЭҚ) мүше елдер «Қарапайым халыққа қарай он қадам» деп аталатын, құрамы 10 түрлі келісімдерден тұратын шешім қабылдады. Бұл келісім халықтың білім мен дәрігерлік жәрдем алуын, азаматтық алуын, ғылым мен мәдениет жетістіктеріне қол жеткізуін қамтамасыз ету мақсаттарын көздейді. Қазақстан алғашқылардың бірі болып, осы шешім шеңберіндегі барлық мәселені қамтитын заңды құжаттарды толық тапсырды.

ТМД елдері мен Қазақстан арасындағы байланыстар. Қазақстан мен ТМД елдері арасындағы қарым-қатынастың ең айқын көрінісі – сыртқы сауда айналымы. 2008 жылғы Қазақстанның ТМД елдерімен сыртқы сауда айналымы 28,5млрд АҚШ долларын құрайды, оның 11 миллиарды импорттың, ал 17,5 миллиарды экспорттың үлесіне тиесілі. Қазақстаннан ТМД елдеріне кететін экспорт құрамы мыналар: астық, бидай және қарабидай ұны, темір кені, таскөмір, мұнай және газ конденсаты, алюминий, кара металл прокаты, әртүрлі құрал-жабдықтар, тыңайтқыштар. Олардың ішінен энергетикалық ресурстар жалпы өнімнің 54%-ын құрайды, тамақ өнімдері - 22%, ал химия өнімдері 12%-ын құрайды. ТМД елдерінен Қазақстанға келетін импорт құрамы өсімдік майынан, кокс және мұнай өнімдерінен, табиғи газ, электр энергисы, жарылғыш заттар, дөңгелектер, теміржол тетіктері, құбырлар, машина және оның жабдықтары, жеңіл және ауыр автокөліктер, карбонат өнімдерінен тұрады. Оның ішінде машина жабдықтары

мен приборлар -29%, электр энергиясы -29%, металлургия өнімдері -12%, химия өнімдері -16%-ды құрайды.

Сонымен қатар ТМД елдері мен Қазақстан арасын жалғастырып жатқан ортақ теміржол желілері мен автомагистральдар елдер арасындағы тату көршілік пен тұрақты экономикалық, саяси – әлеуметтік байланыстарды одан әрі нығайту мен дамытуды қажет етеді.

Ұлттық кәсіпкерлер палатасы эндаумент-қорлар қызметін нығайтуды ұсынды. Әлеуметтік саясат саласындағы қаржыландыру көздерін әртараптандыру және мемлекеттік шығындарды төмендету қажеттігі салдарынан жеке меншік қаражатты тартумен оңтайлы механизмдерді іздеу өзекті болып табылады.

*«Әлемдік саясатта эндаумент-қорларды құру және функцияландыру көмегімен әлеуметтік мекемелерді қаржыландыру механизмі әрекет етеді. Халықаралық тәжірибеге сәйкес эндаумент – бұл коммерциялық емес мақсатта қолдануға, ережеге сай, білім беру, медицина, мәдениет мекемелерін қаржыландыруға арналған мақсаттық қор»*, - деді өзінің берген сұхбатында ҚР ҰКП Әлеуметтік сала және әлеуметтік әріптестік комитетінің Төрағасы Талғат Доскенов. Сонымен, АҚШ-та эндаумент қаражаты жылдық табыстың 40-50% дейінгі мөлшерін әкеледі және университеттердің ағымдағы қажеттіліктерін қаржыландырудағы маңызды көз болып табылады. АҚШ ең алғашқы және ірі эндаумент-қорларының бірі Гарвард университетінің қоры болып табылады, оның негізгі капиталы 2013 жылы 32,7 млрд. АҚШ долларын құраған, ал тіркелген инвестициялық табысы 3,3%, немесе шамамен 950 млн. АҚШ долларын құраған.

Қазіргі уақытта Ресейде коммерциялық емес ұйымдарды қолдау үшін құрылған, білім беру, ғылым, денсаулық сақтау, мәдениет, дене шынықтыру және спорт (кәсіпқой спортты қоспағанда), өнер, мұрағат ісі, әлеуметтік көмек (қолдау), қоршаған ортаны қорғау, азаматтарға тегін заңгерлік көмек көрсету және оларды құқықтық ағартуды жүзеге асыру салаларында әрекет ететін мақсаттық капиталдың шамамен 85 қоры (эндаумент-қор) тіркелген.

Қолдау салалары бойынша мақсаттық капитал қорлары мына түрде бөлінген: білім беру саласында қорлардың шамамен 59%-ы, денсаулық сақтау және халықты әлеуметтік қолдау саласында шамамен 18%, мәдениет саласында – шамамен 14%, ғылым саласында – 6,5% және спорт саласында 2,5% әрекет етеді.

2016 жылдың 8 ақпанында «КАЗГЮУ Университеті» АҚ Директорлар Кеңесімен «Эндаумент КАЗГЮУ» Корпоративті Қорын құру туралы шешім қабылданды. Эндаумент қайырымдылық қайыр жинауының есесінен толықтырылады. Эндаумент-қорына ақшалай қаражат ірі компаниялардан, табысты жетістіктерге, осылайша алдыңғы қатарлы ұрпақтың білім алуына қосқан инвестицияларын қайтарушы, сол арқылы болашақ студенттерге қолдау көрсетуші түлектер болып табылатын кәдімгі азаматтардан келіп түседі. Эндаумент-қорының қызмет ету механизмінің тәжірибеде өзіндік тиімділігі, әсіресе АҚШ-та дәлелденген. Осындай қорлардың арқасында американдық жоғарғы оқу орындары барлық ғылым салаларында әлемде көшбасшылықты ұстауды, үздік оқытушыларды оқытуға тартуда, дарынды студенттердің білім алуын төлеуде, жабдықтарды сатып алуда және инфрақұрылымды қаржыландыруда, жаңа факультеттер мен кафедраларды құруда. Эндаумент-қоры – білім беру мекемелерін қаржыландырудың ең тиімді және ең адал түрі. Ол қаржылық негіз бен ұзақ мерзімді даму стратегиясын қалыптастыруға мүмкіндік береді. «Эндаумент КАЗГЮУ» Корпоративті Қоры Университет түлектерінің әр түрлі Қазақстан Республикасы компанияларының сыйлықтары мен жарналары түріндегі ақшалай қаржаттарын тарту мақсатында құрастырылған. Ол қаражат болашақта студенттердің білім алуына ықпал етуге, «КАЗГЮУ Университеті» АҚ-ның қызметкерлері мен студенттерінің ғылыми жобаларын қолдауды жүзеге асыруға, материалдық-техникалық негізді нығайтуға жұмсалады.

Әлемнің үздік университеттерінде қаржы стратегиялары қалай құрылады? Жоғары білім сарапшысы Джамиль Салми жоғары білімді қаржыландыруды дамытуға мүмкін



болатын сценарийлердің бірі ретінде сұраныстың негізінде қаржыландыруды көрсетті. Мұндай сценарий жоғары оқу орындары арасындағы бәсекелестікті өз ресурстары негізінде күшейтуді көздейді. Жоғары білімді дамыту саласындағы жаһандық үрдістер жоғары оқу орындары тарапынан қосымша қаржыландыру көздерін тарту қажеттілігін көрсетеді. Сондықтан да, әлемдік жетекші жоғары оқу орындарына табысты қаржылық саясат құруға ерекше назар аударады. Бұл ретте, тиімді қаржылық жоспарлаудың негізгі алғышарты ЖОО-лардың қаржы мәселелері жөніндегі дербестігі болып табылады.

Қазақстандық жоғары оқу орындарының дербестік дәрежесін талдау Қазақстанның жоғары оқу орындарының қаржылық еркіндігінің неғұрлым аз дамығанын көрсетті (100%-дан 38% – толық тәуелсіздік). ЖОО шектелуі баптық қаржыландыру түрінің болуынан, профициттерді сақтауға мен мүлікке иелік ету мүмкін еместігінен болады. Еуропалық өлшемдер бойынша Қазақстан жоғары оқу орындарының қаржылық бостандығы рейтингісінде 29 еуропалық елдің ішінде 24 орнына ие болуы еді. Осы рейтингте Қазақстан Бранденбург, ГФР (31%) және Түркия (44%) арасындағы орналасатын еді.

Сонымен қатар, әлеуметтік зерттеу нәтижелері бойынша қазақстандық жоғары оқу орындарында мемлекеттік ресурстарды бөлуге дайындығы басым, бірақ ұсынатын қызметтер өрісін кеңейту үшін стратегиялық бастамасы жоқ екенін көрсетеді. Жоғары оқу орындарының қызметкерлері арасында кәсіпкерлік дамымаған. Демек, қаржылық автономия енгізуге жоғары оқу орындарының қызметкерлерінің дайын еместігі және олардың енжарлығы кедергі болады. Сондықтан да, жоғары оқу орындарына басқаруда, атап айтқанда, қаржы мәселелерін шешуде икемділікті берудің орындылығы туралы мәселе туындайды.

Бұл мақалада әлемдік білім беру нарығында табысты бәсекелес жоғары оқу орындарының қаржылық стратегиялары, олардың кіріс құрылымының қазақстандық ЖОО-мен салыстырмалы талдауы қарастырылады. Қазақстан жоғары оқу орындарына әлеуетін арттыру бойынша және қаржылық дербестік жағдайында жұмыс істеуге дайын болу үшін ұсыныстар жасалады.

Табысты қаржылық саясаты бар нақты ЖОО анықтау үшін неғұрлым диверсифицирленген қаржыландыру көздері және ірі эндаумент-қорлары бар университеттер таңдалды.

Бүгінгі таңда университеттік эндаументтер қоғамдық маңызды мақсаттарға қосымша қаржыландыруды тарту және пайдаланудың ең пәрменді тетіктерін бірі болып табылады. Эндаумент-қор, әдетте, түлектердің, жеке қорлар мен компаниялардың ерікті қайырымдылықтары есебінен қалыптасады. Жиналған қор, әдетте, қаржылық активтерге инвестицияланады. Эндаументтің негізгі сомасынан алынған тек пайыздары ғана жұмсалады [2].

Эндаументтер тек ағылшын-саксондық білім беру жүйесіне, әсіресе, америкалық университеттер мен колледждерге тән екенін айта кету керек. Сондықтан да, АҚШ-та әдетте эндаумент деп - жеке тұлғалар немесе компаниялардың университетке немесе колледжге берген садақа-сыйы деп түсінеді. Заң жүзінде мұндай қорлар тек қана қайырымдылық мақсаттар үшін құрылады.

2014 жылы АҚШ-та эндаументтің жалпы көлемі жоғары 10 жоғары оқу орындарының ірі эндаументі \$180 млрд. құрды, ол соңғы 5 жыл ішінде (2009 жылдан бастап ) 67%-ға артты. Гарвард университетінің эндаумент-қоры ең ірі, 2014 жылы \$35,8 млрд. жетті. Салыстыру үшін, 2014 жылы Вермонт штатының ЖІӨ \$27,2 млрд., Монтана штатының - \$39,8 млрд., ал Йемен және Бахрейн сияқты жекелеген елдердің ЖІӨ-нің көлемі \$35,9 млрд., тиісінше \$33,8 млрд. құрады. 2014 жылы Қазақстанның ЖІӨ көлемі \$212 млрд.

Салыстыру үшін, Ұлыбританиядағы Оксфорд және Кембридж екі ЖОО-ын, Сингапур Ұлттық университетін, Мельбурн және Сидней екі австралиялық университетін, сондай-ақ, Орталық-еуропалық университетін (Венгрия) қоса алғанда, басқа да елдердің тек 6 университеттің эндаументі \$1 млрд. астам құрайды.



Эндаументтің дамымауына қарамастан, сондай-ақ нақты қаржылық стратегияның болмауына қарамастан, сарапшылар еуропалық жоғары оқу орындарының қаржы ағындарының әртараптандыруға бағытталуларын атап өтеді. Еуропалық университеттер ассоциациясы (EUA) деректері бойынша, көптеген еуропалық жоғары оқу орындар өз қызметін қаржыландырудың қосымша тетіктерін жасайды. Қосымша табыс көзі генерациялау үшін негізгі драйверлері ретінде мемлекеттік қаржыландыруды қысқарту, бәсекелестікті күшейту және тартымдылығын арттыру қажеттігі, тәуекел-менеджмент, ЖОО-ның негізгі миссиясын кеңейту (ғылыми зерттеулер рөлін нығайту), дербестікке ұмтылу, сондай-ақ бәсекеге қабілеттілігін арттыру қарастырылады. Мысалы, Цюрих Швейцария жоғарғы техникалық мектебі (ETH Zurich) еуропалық ЖОО арасында ең ірі эндаументі \$456 млн. бар. Университеттің табыс құрылымы көрсеткендей, негізгі табыс мемлекеттік қаражаттан (75%) түседі. Алайда, ЖОО-ның жыл сайынғы есебінде қаржыландырудың басқа көздерінен түсетін табыстың жыл сайынғы өсімі байқалады.

Бұрынғы кеңестік кеңістіктегі ЖОО-ына келетін болсақ, оларда қосымша қаражат тарту мәдениеті дамымаған және қаржы көздерін әртараптандыруға жағдай жасалмаған. Мысалы, Ресейде білім беру ұйымдарын демеушілік қолдау дәстүрі енді ғана қалыптаса бастады. 2006 жылы эндаумент-қорлар қалыптастыруға мүмкіндік беретін заң қабылданды. Ең ірі эндаументтер 5 ресейлік жоғары оқу орындарында: МГИМО – \$19,2 млн., Санкт-Петербургтегі Еуропа университетінде – \$17,6 млн., Санкт-Петербург мемлекеттік университетінде \$15,2 млн., Ресей экономикалық мектебінде - \$5,8 млн., Қаржы академиясында – \$3,4 млн. және Экономика жоғары мектебінде - \$1,6 млн. бар.

2007 жылдан бастап РФ-да жалпы көлемі \$40 млн. шамамен 50 эндаумент құрылды. Алайда, ресейлік жоғары оқу орындары бюджеттерінің құрылымы эндаументтен түсетін кірістің үлесінің (1-2%) төмен дәрежесі туралы куәландырады. Сарапшылардың пікірінше, қазіргі ресейлік эндаументтерге, осы көрсеткішті 10-15%-ға дейін арттыру үшін кем дегенде 10 жыл қажет. Қазақстанда эндаумент мәдениетін енгізудің алғашқы алғышарттары 2011 жылы Назарбаев Университетінде басталды. 2014 жылы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде бірінші эндаумент-қоры құрылды. Жақында ғана пайда болуына байланысты аталмыш ЖОО-ның қорларының нәтижелілігі туралы айту қиын. Эндаументтердің толыққанды жұмыс жасауының заңнамалық қамтамасыз етуі, Қазақстанның салық жүйесіне қорларды салықтан босату туралы өзгерістер енгізу талап етіледі. Жетекші жоғары оқу орындарының қаржы стратегиясын құрудың қандай негізгі тәсілдері бар? Біріншіден, тиісті қаржы модельдеу үшін кейбір жоғары оқу орындарында жекелеген құрылымдық бөлімшелері жұмыс істейді, олар қаржылық саясатты жүзеге асырады және қаржылық жоспарлау процесі әзірлейді, басқа ЖОО-да стратегиялық жоспарды әзірлеу бойынша дәстүрлі жұмыс топтары құрылады [3].

Қаржылық стратегия мен жоспарлаудың Гарвардтық кеңсесі. Гарвард университетінде ЖОО топ-менеджмент, мектептер мен құрылымдық бөлімшелерін тиісті бизнес-процестермен және жоспарлау құралдарымен қамтамасыз ететін Қаржылық стратегия және жоспарлау кеңсе жұмыс істейді. Кеңсе екі топқа бөлінген: жобалар тобы мен арнайы жобалар тобы.

Бірінші топ университеттің мектептеріне және басқа да құрылымдық бөлімшелеріне бюджеттеу және жоспарлау процестерінде көмек көрсетеді. Осы топтың қаржылық талдаушылары тиімді қаржылық жоспарлау және талдау үшін стратегиялық шеңберлері, саясат және бизнес-процестерді әзірлейді. Арнайы жобалар тобы жалпы университеттік қаржы деректерді талдайды, университет басшылығы университет білім беру миссиясын қолдау үшін қосымша ресурстардың болуы туралы мен кеңес береді. Сонымен қатар, топ қосымша қаражат тарту бойынша жаңа жобалардың тиімділігін талдайды.

Екіншіден, жетекші ЖОО-лар стратегиясын алға қойылған мақсаттарға қол жеткізуге, ең бастысы, диверсификацияланған қаржыландыру көздері ықпал ететіндей құрайды. Инвестициялық кіріс қосымша қаржы көздері бірі болып табылады.

Ол түрлі акциялар, активтер, бағалы қағаздар, үлестік қатысудан инвестициялық табыс, венчурлық капитал мен эндаумент-қордан түскен сыйақылар түріндегі табысты қамтиды. Тұтастай алғанда, инвестициялық кірістер АҚШ жоғары оқу орындары бюджеттердің 35-90% қалыптастырады. Мысалы, Принстон университетінің негізгі табысының 90%-ы инвестициялық кірістен, соның ішінде эндаумент-қордың салымдарынан құралады. Сонымен қатар, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ негізгі табысы оқу орнының негізгі қызметі, яғни оқу ақысын төлеу және ғылыми қызметін іске асыру (82%) (3-сурет) есебінен түседі. Анықтама: 2014 жылы Принстон университетінің жалпы табыс көлемі \$3,85 млрд. құрды. Университеттің негізгі табысы инвестициялық пайдадан (\$3,4 млрд.) түседі, қалғандары – мемлекеттен және келісім-шарттардан (\$272 млн.), оқуға ақы төлеуден (\$107,8 млн.) және жеке қайырымалдықтардан (\$83,8 млн.) түседі.

2014 жылы университетінің эндаумент-қоры - \$21 млрд. құрды және өткен жылмен салыстырғанда \$2,8 млрд.-қа ұлғайды.

2013 жылы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің жалпы табысы 16,9 млрд. теңгені (\$61,4 млн.) құрады.

ЖОО негізгі табысы тауарлар мен қызметтер көрсету есебінен, яғни білім беру және ғылыми-зерттеу қызметтерін іске асырудан (13,8 млрд. теңге) түседі.

Басқа кірістер басқа да түсімдерді қамтиды (есепте толық жазылуы жоқ) – 3 млрд. теңге, сондай-ақ қаржылық кірістер (ақшалай депозиттерден алынған сыйақылар) – 17,1 млн. теңге.

Йель университетінің табыс құрылымы келесідей: 33% - эндаументтен ғана түсетін кіріс, 23%-ы - медициналық қызметтер көрсетуден, 22% - гранттар мен мемлекеттік органдар мен жеке компаниялармен келісім-шарттардан, 9%-ын оқу ақысынан, 8%-ы - инвестициялық кіріс, 4% - жеке қайырымдылық және 1% - жариялымдардан пайда (ЖОО профессорлар мен басқа да қызметкерлердің жарияланымдарын сату).

Массачусетс технологиялық университетінің 50%-ға жуық кіріс ғылыми зерттеулерді қаржыландырудан келеді, ал оқу ақысын төлеу жалпы табыстың 10%-ын ғана құрайды. Инвестициялық кіріс 20%-ын, әртүрлі қызмет көрсету - 10%, сондай-ақ жеке қайырымдық - 5% құрайды.

Осылайша, жетекші жоғары оқу орындарының кірістер құрылымын талдауы көрсеткендей, жетекші ЖОО қосымша қаржыландырудың негізгі көздері инвестициялық кіріс, ғылыми зерттеулер үшін мемлекеттік гранттар және жеке келісім-шарттар, түрлі қызметтер көрсету, оқу ақысын төлеу және жеке қайырымдылық болып табылады. Бұл ретте студенттердің оқу ақыларының төлемі жалпы кірістің 10%-нан жоғары емес. Оның үстіне, мемлекеттік субсидия университет қаржылануында шешуші орын алып отырмайды. Бұл ретте табыс көздерін әртараптандыру коммерциялық пайда табуға бағытталмаған, ол жоғары оқу орнының негізгі миссиясы іске асыруға жәрдемдесу - қоғамның игілігі үшін қызмет етуге бағытталған. Мысалы, жалпы алғанда, шығындар, Гарвард университетінің өз студенттеріне қаржылық көмек көрсету көлемі жылына \$600 млн.-нан асады, оның ішінде университет шәкіртақысы осы шығындардың 82% құрайды. Сонымен қатар, университетте жағдайы нашар отбасылардан талантты студенттерді қолдау бойынша арнайы саясат пайдаланылады. Студенттердің жалпы санынан 62%-ы университеттен тікелей шәкіртақы алады, сондай-ақ жылдық табысы \$65 мыңнан кем болатын отбасылардан шыққанына байланысты студенттердің 20%-ы төлеуден босатылған. Оның үстіне жылдық табысы \$65 мың мен \$150 мың аралығындағы отбасылардан шыққан студенттер ата-анасының жылдық табысының 10%-на дейін ғана төлейді, яғни ең көбі \$15 мың. Сонымен қатар, жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша білімалушыларға ғылыми қызметкерлер және оқытушылардың ассистенті ретінде жұмыс жасау мүмкіндіктері ұсынылады. Анықтама: 2014 жылы Гарвард университетінің жалпы табысының көлемі \$4,4 млрд., ол өткен жылмен салыстырғанда 5%-ға артты. Бұл ретте университетінің негізгі табысы инвестициялық кірістерден (35%), оқу ақысын төлеу (20%), демеушілік қолдаудан (19%), жеке қайырымдылықтардан (9%) және басқа да көздерден (17%) түседі.

Сәтті әлеуметтік саясат Стэнфорд университетінде де қолданылады. 2014 жылы 50%-ға жуық студенттерге шәкіртақы және гранттар тағайындалды. Бұдан басқа, студенттер төменгі пайыздық студенттік қарыздар және стипендиялар мен гранттардың басқа да түрлерін алады. Университеттің жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалар бойынша білім алушылардың 85%-ына университеттік, федералдық және жеке гранттарды қоса алғанда қаржылық қолдау көрсетіледі. Студенттер контингенті, негізінен, жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша білімалушылар жиынтығы есебінен қалыптасатынын айтып өткен жөн. 2015 жылдан бастап Стэнфорд табысы \$125 мыңнан кем отбасыдан шыққан студенттерге оқу төлемін жойды. Бұл ретте табысы \$65 мыңнан кем отбасылардан шыққан студенттері жатаханада тұру және тамақтану ақысынан босатылады, яғни университет оларға толығымен тегін оқуды қамтамасыз етеді.

Үшіншіден, әлемнің жетекші университеттерінің стратегиясы міндетті түрде фандрайзингті (қосымша қаражат тартуды) қарастырады. Олардың көбінде фандрайзинг, соның ішінде түлектермен жұмыс жасау үшін жекелеген құрылымдық бөлімшелері бар. Американдық жоғары оқу орындарының табыс құрылымы көрсеткендей, жеке қайырымдылық тұрақты және өсіп келе жатқан табыс түрінің бірі болып табылады. Көптеген қайырымдылықтар ЖОО түлектерінен түседі. Осындай бұрыннан келе жатқан дәстүрлер барлық ЖОО-ның білімалушылар үшін оқу кезінде ең үздік студенттік тәжірибені қамтамасыз ету үшін бағытталуына байланысты болады. Өзін-өзі дамыту және кәсіби өсу нәтижесінде түлектер өзі аяқтаған университетке алғыс ретінде ақшалай көмек ұсынады [4].

Фандрайзингтің жаңа элементі және перспективалы көздерінің бірі бүкіл өмір бойы оқыту саласындағы бағдарламаларды ұсыну болып табылады. Біліктілікті арттырудың дәстүрлі курстарынан басқа, жетекші ЖОО жоғары білім берудің жаңа парадигмасын – бұқаралық ашық онлайн-курстарды (MOOCs) белсенді түрде ілгерілетеді. MOOCs ұсыну үшін Стэнфорд мұндай платформалар құрушылардың алғашқыларының бірі болып табылады. Coursera Стэнфорд платформасы базасында ақысыз негізде бүгін әлемнің мыңдаған ЖОО-ы өздерінің онлайн-курстарын ұсынады. Бұдан басқа, Coursera әркімге \$50-дан бастап, үйден немесе жұмыстан шықпай-ақ, өзінің кәсіптік портфолиосын жаңартуға, қажетті мамандандыруды алуға мүмкіндік береді. Осылайша, MOOCs сияқты стартаптар арқылы өмір бойы оқуға бағдарлану жетекші жоғары оқу орындарына өз табыс көздері әртараптандыруға мүмкіндік береді. Онлайн-білім берудің осындай танымал платформалардың бірі Гарвард және МТИ бірлесіп жасаған EdX атты платформасы екенін айта кету керек.

Бұдан басқа, тиімді қаржы саясаты бар жетекші ЖОО-лар өз қаржысын жүргізу мәдениетімен ерекшеленеді. Оларда ертеден келе жатқан қаржылық және ашықтық дәстүрлері бар, сыртқы қаржылық аудит нәтижелерін қоғамға жариялайды. Жыл сайын ағымдағы қаржылық жағдайды талдайды. Бұл қосымша табыс алу үшін әлеуетті драйверлерді анықтау процесін жеңілдетеді.

Қазақстандық ЖОО-дың жағдайы қандай? Қазақстанда ЖОО-лардың академиялық және басқарушылық дербестігіне кезең-кезеңімен ауысуына байланысты қаржылық тұрақтылық мәселесі де өзекті болып тұр.

Ақпараттық талдау орталығының зерттеу деректері бойынша, жалпы алғанда жоғары білім беруді қаржыландыру құрылымы әлсіз әртараптандырылған және орта есеппен 4-8 түрлі қаржыландыру көздері бар. Бұл ретте жоғары оқу орындары табысының басым үлесін (75-95%) оқу ақысы құрайды. Мемлекет тарапынан ҒЗЖ қаржыландыруға бөлінген қаражат мемлекеттік және жеке меншік жоғары оқу орындары табысының 4%-дан аспайтын үлесін құрайды. Ұйымдармен келісімшарт негізінде жүзеге асырылатын ҒЗЖ-дан түсетін табыс, меншік түріне қарамастан барлық жоғары оқу орындарының табысының шамамен 2%-ын құрайды.

ЖОО кірісінің аз үлесін аймақтық органдардың гранттары мен жұмыс берушілердің қаражаты есебінен мамандарды дайындау үшін түсетін пайда құрайды. Донор қаражаты есебінен түсетін табыс та өте төмен болып табылады. Бұл донорлар үшін жеңілдіктер мен

преференциялар жоқтығына, қаражат тарту тетіктерінің болмауына байланысты. Сондықтан да, ЖОО-дың эндаумент-қорлардың жұмыс істеуі оның ажырамас бөлігі болып табылатын қазіргі заманғы қаржылық мәдениет моделі нашар дамыған.

Отандық жоғары оқу орындары секторының тиімді қаржылық стратегиясын құру үшін не істеу керек?

Біріншіден, қазақстандық ЖОО-ларға қаржыландыру көздерін әртараптандыру мәдениетін дамыту қажет. Бұл үшін әлеуетті донорларды тарту бойынша іс-шаралардың шығындары мен тәуекелдерінің тиімділігін талдау керек. Осы бағытта ЖОО мүмкіндіктерін анықтауға қабілетті және тиімді қаржылық саясаты құрай алатын қаржы және бизнес талдаушыларын тарту ұсынылады.

Екіншіден, ЖОО қолданыстағы ұйымдастыру құрылымын өзгерту, қаржы саясаты мен стратегиясын әзірлеу, сондай-ақ тәуекел-менеджмент және фандрайзинг жөніндегі жаңа бөлімшелер құру қажет [5]. Сондай-ақ компанияның брендингмен айналысу және маркетингтер жалдау ұсынылады. Халықаралық тәжірибе көрсеткендей, ЖОО-ның көбісі белсенді брендингпен және маркетингпен айналысады. Кейбір зерттеулер негізінде АҚШ-тың жоғары оқу орындары басшыларының 93%-і өз оқу орнын бренд ретінде ілгерілетеді. Университеттерде тіпті жаңа лауазым - маркетинг жөніндегі атқарушы директор (Chief Marketing Officer) енгізіп жатыр.

Үшіншіден, жоғары оқу орындарына инвестицияларды тарту үшін бизнес секторында, сондай-ақ мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдарында жұмыс тәжірибесі бар тапқыр басшылар керек. Университеттерге филантропиялық секторда (фандрайзинг іс-шаралары) жұмыс тәжірибесі бар топ-менеджерлер қажет.

Төртіншіден, жоғарғы оқу орындарында халықаралық тәжірибеге сәйкес эндаумент-қорлар институтын жүргізуді белсенді дамыту керек. Эндаументтер жоғары білім беру саласын қаржыландырудың нақты баламалы көзі болуы тиіс. Институционалдық қайырымдылықтың өсуі азаматтық белсенділікті және патриотизмді жақсартуы тиіс.

Бесіншіден, жоғары оқу орындарына адам ресурстары мен персоналды оқытуға қаражат салуы жөн. Жаңа табыс көздерін генерациялау үшін фандрайзинг пен қайырымдылық саласында кәсіби білім мен дағдылар қажет.

Тұтастай алғанда, қазақстандық ЖОО-ға тиімді қаржылық жоспарлау әлеуетін мен мөлдір қаржылық есеп мәдениетін дамытуы қажет. Қаржылық еркіндікті алуға талпынып жатқан Университеттер қоғамға қаржыны басқаруда жоғары мәдениетті және әлеуметтік-бағдарланған саясатты жүргізуді дәлелдеуі тиіс. Тек осы жағдайда ғана Қазақстан ЖОО-ның қаржылық дербестігін кеңейтуді қарастыруға болады [5].

#### **Қолданылған әдебиеттер тізімі:**

1 Нысанбаев Ә. «Қазақстан»: Ұлттық энциклопедия / Бас редактор– Алматы «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998 ISBN 5-89800-123-9, VIII том.

2 Ненахова Е.С. Эндаумент-фонды: анализ зарубежной практики и концепция российского эндаумента. – М.: ВПО «Финансовая академия при Правительстве РФ», 2007. – 34 с.

3 Исследование АО «Информационно-аналитический центр» «Анализ и мониторинг внедрения автономии вузов в 2014 году».

4 Аудит финансовой отчетности РГП на ПХФ «Казахский национальный университет им. аль-Фараби» за 2013 год – с сайта Депозитарий финансовой отчетности Министерства финансов РК.